"ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
"ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
ПО ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО
ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА
МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН"

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі, 14-ғимарат
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 0000000
ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г. Шымкент, ул. Водопьянова, 14-здания
Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01
Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN

Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

08.06.2018 жыл
№09-15/3194

«Корпорация «Сити-Строй» ЖШС – нің директоры
А.Н.Қосымбайға
ОҚО, Шымкент қаласы, Қапал батыр көшесі 190/1.
тел.: 8 7252 53 30 05, 8 7252 53 30 88
aa1144@mail.ru

Сіздің 24.05.2018 жылғы №14939, №14928, №14942, №14930, №14932, №14933, №14936, №14937, №14940, №14944, 25.05.2018 жылғы №14963 санды өтініштеріңізге:

Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)* тарапынан, Сіздің өтініштеріңізде көрсетілген мәселелерге сәйкес, «Сайрам аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесімен ұйымдастырылған №2524130-2, №2525227-2, №2524102-2, №2524099-2, №2524078-2, №2524074-2, №2525475-2, №2524082-2, №2524075-2 ашық конкурстарының өткізілу заңдылығына камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде, осы конкурстар бойынша Сіздің өтінішіңізде көрсетілген мәселелер дәлелін тапқан жоқ.

Яғни, жоғарыда көрсетілген конкурстардың қорытындылар туралы хаттамаларына сәйкес, конкурстық комиссия шешімімен «Корпорация «Сити-Строй» ЖШС – нің конкурстық өтінімінің конкурсқа қатысудан шеттетілуі – Заң және Қағида талаптарына қайшы келмейді.

Себебі, әлеуетті өнім беруші «Корпорация «Сити-Строй» ЖШС – гі жоғарыда аталған конкурстарға 14.05.2018 жылғы консорциум құру туралы келісімнің негізінде заңды тұлғалардың уақытша бірлестігі ретінде қатысқан.

Консорциялық келісімге сәйкес «Корпорация «Сити-Строй» ЖШС – гі Тарап-1 және «А.Р.Т. – Құрылыс» ЖШС – гі Тарап-2 болып әрекет еткен.

Консорциялық келісімнің 2.4 тармағына сәйкес, Тарап-1 «Корпорация «Сити-Строй» ЖШС – гі жұмысты орындауға қажетті еңбек ресурстарын ұсыну, конкурстың баға ұсынысына әсер ететін шартты жеңілдік ұсыну үлестерін қосуға, ал, Тарап-2 «А.Р.Т. – Құрылыс» ЖШС – гі жұмысты орындауға қажетті техникаларды ұсыну үлесін қосуға міндеттеме алған.

Осыған сәйкес, «Корпорация «Сити-Строй» ЖШС – нің өзінің меншікті немесе өз атынан жалға алған техникаларды біліктілік талаптарына сәйкес ұсынуы конкурстардың қорытындылары бойынша шешім қабылдауда назарға алынбауы тиіс.

Себебі, «Корпорация «Сити-Строй» ЖШС – нің 14.05.2018 жылғы консорциум құру туралы келісімнің талаптарына сәйкес жұмысты орындауға қажетті техникаларды ұсынуға құқығы жоқ.

Ал, №2525208-1 ашық конкурсының өткізілу заңдылығына камералдық бақылау жүргізу барысында конкурсқа жалғыз қатысушы «Корпорация «Сити-Строй» ЖШС – нің конкурстық өтінімі конкурсқа қатысудан негізсіз шеттетілгені анықталды.

Себебі, Заңның 9 бабы 1 тармағы 4 – тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті, тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы тұрғысында біліктілік талаптары қойылады.

Осы баптың 3 тармағында: *«әлеуетті өнім беруші өзінің осы бапта белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін растау үшін мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушыға мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында көзделген тиісті құжаттарды ұсынады»* делінген.

Қағиданың 85-1 тармағына сәйкес, тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.

Қағиданың 150 тармағы 1 – тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде әлеуетті өнім берушінің біліктілік талаптарына сәйкес болмаған жағдайда конкурсқа жіберілмейді.

Сонымен қатар, Қағидадағы конкурстық құжаттаманың 5-қосымшасының *«Біліктілігі туралы мәліметтер»* ескертулерінің 11 тармағына сәйкес, растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін беру конкурстық құжаттамада оларды көрсету көзделген мәліметтер бойынша ғана міндетті. Егер конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде талаптар көзделмеген жағдайда, растаушы құжаттардың электрондық көшірмелерін бермеуге де болады.

Осыған орай, конкурстық комиссия тарапынан, конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде нақты талап көрсетілмегендігіне қарамастан, №2525208-1 ашық конкурсының 20.05.2018 жылғы №2233900 қорытындылар туралы хаттамасына сәйкес, «Корпорация «Сити-Строй» ЖШС-нің конкурстық өтінімі конкурсқа қатысуға негізсіз жіберілмеген.

Қорытындылай келе, Сіздің өтініштеріңізде көрсетілген мәселелер ішінара өз дәлелін тапты.

Алдағы уақытта Департамент тарапынан ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» заңының 30 бабы 4 тармағына сәйкес камералдық бақылаудың ден қою шаралары қолданылатын болады.

ҚР 12.01.2007 жылғы «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» №221 Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент басшысының
орынбасары **Қ.Сапарбеков**

Орын.: А.Садыкбеков
Тел.: 8 7252 35-06-06

Келісілген: